

**Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 маусымдағы № 740 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	4 маусымдағы
№ 740 қаулысымен	
бекітілген	

**Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалануға әзірлікте ұстап тұруды жүзеге асыратын ұйым;

2) Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі – есепті кезеңде электр энергиясының теңгерімді нарығында орталықсыздандырылған және орталықтандырылған сауда нарықтарында өндірілген, жеткізілген және тұтынылған электр энергиясы көлемдерін атаулы бөлуді белгілейтін жүйелік оператор жасаған құжат. Нақты теңгерім Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері арасында өзара есеп айырысуды жүргізуге негіз болып табылады;

3) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) электр қуатын реттеу – электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектісінің нақты электр жүктемесінің тәуліктік кестеде жоспарланып немесе жоспарланбай айырбас электр энергиясының нөлдік сальдосы сақталған жағдайда мәлімделген электр жүктемесінен ауытқуларының орнын толтыру жөнінде көрсетілетін қызмет;

5) электр энергиясын беру – энергия беруші ұйымдардың электр энергиясын беруге жасалған шарттарға сәйкес көрсететін қызметі;

6) электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор, электр энергиясымен орталықтандырылған сауда нарығының операторы;

7) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторы – электр энергиясының спот-сауда-саттығын қоса алғанда, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүзеге асыратын ұйым;

8) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы – электр энергиясын қысқа мерзімді («операциялық тәулік ішінде») спот-сауда-саттық және «бір күн бұрын» режимінде), орта мерзімді (апта, ай) және ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) негізде сатып алу-сату үшін ұйымдастырылған сауда алаңы;

9) электр энергиясын сатып алу-сату шарты – белгілі бір кезеңде оларды нақты жеткізе отырып, электр энергиясының шарттық көлемін сатып алуға/сатуға арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері

ар а с ы н д а ж а с а л а т ы н к е л і с і м ;

10) электр энергиясының транзиті – электр энергиясын басқа елдің энергия жүйесінен беру үшін бір немесе бірнеше шектес елдердің электр желілерін пайдалану жөніндегі қызметтер;

11) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі.

3. Қазақстан Республикасында электр энергиясының көтерме сауда нарығы электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатумен байланысты қатынастар жүйесін білдіреді және мынадай өзара байланысты жұмыс істейтін нарықтардан тұрады:

- 1) электр энергиясының орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығы;
- 2) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы;
- 3) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы;
- 4) жүйелік және қосалқы қызмет көрсету нарығы.

## **2. Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібі**

4. Электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері ұлттық электр желісіне қол жеткізуге негіз болатын сәйкестік шарттарын орындаған кезде рұқсат беріледі.

5. Энергия өндіруші ұйымдар мынадай шарттарды орындаған кезде электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысады:

1) Қазақстан Республикасының лицензиялау саласындағы заңнамада көзделген тәртіппен лицензиясының болуы;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығына кемінде 1 мегаватт (бұдан әрі – МВт) көлемінде орташа тәуліктік (базалық) қуат жеткізу (орта жылдық қуатты жаңартылған энергия көздері үшін) және коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, жүйелік операторда белгіленген жүйелермен оларды біріздендіруді қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың болуы;

3) ұлттық және қажет болған жағдайда өңірлік электр желілеріне рұқсатының болуы.

6. Энергия өндіруші ұйымдарға ұлттық электр желісіне және/немесе өңірлік электр желісіне жүйелік оператормен мынадай:

1) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну режимдерін техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтерді

к ө р с е т у г е а р н а л ғ а н ;

2) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімдерін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге а р н а л ғ а н ;

3) теңгерімді электр энергиясын сатып алуға/сатуға арналған шарттары болған кезде рұқсат беріледі.

7. Электр энергиясының тұтынушылары, оның ішінде энергия беруші ұйымдар мынадай шарттарды орындаған кезде көтерме сауда нарығына қ а т ы с а д ы :

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығына кемінде 1 МВт көлемінде орташа тәуліктік (базалық) қуат сатып алу және коммерциялықсесепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, жүйелік операторда белгіленген жүйелермен оларды біріздендіруді қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың, қажет болған жағдайда өңірлік электр желілік компанияның болуы;

2) ұлттық және қажет болған жағдайда өңірлік электр желілеріне рұқсатының б о л у ы .

8. Электр энергиясының тұтынушыларына, оның ішінде энергия беруші ұйымдарға ұлттық электр желісіне мынадай:

1) ж ү й е л і к о п е р а т о р м е н :

ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді к ө р с е т у г е а р н а л ғ а н ;

импортталатын электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған (электр энергиясының импортын жүзеге асырған ж а ғ д а й д а ) ;

Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімдерін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге а р н а л ғ а н ;

теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға/сатуға арналған шарттары;

2) энергия беруші ұйыммен, оның ішінде желілеріне электр энергиясын тұтынушы қосылған өңірлік деңгейдегі энергия желілерін пайдаланатын ұйыммен беру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарты болған кезде р ұ қ с а т б е р і л е д і .

9. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мынадай шарттарды орындаған кезде электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызметін жүзеге асырады:

1) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу құқығына арналған л и ц е н з и я с ы н ы ң б о л у ы ;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығынан кемінде 1 МВт көлемінде орташа тәуліктік (базалық) қуат жеткізу/тұтыну бойынша талаптарды орындау;

3) ұлттық және қажет болған жағдайда өңірлік электр желілеріне рұқсатының

б о л у ы .

10. Ұлттық электр желісіне энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға мыналар:

1) жүйелік оператормен:

ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған;

импортталатын электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған (электр энергиясы импортын жүзеге асырған жағдайда);

Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімдерін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған;

теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға/сатуға арналған шарттары;

2) энергия беруші ұйыммен, оның ішінде желілеріне электр энергиясын тұтынушы қосылған өңірлік деңгейдегі энергия желілерін пайдаланатын ұйыммен беру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарты болған кезде рұқсат беріледі.

1. Энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы

11. Энергия өндіруші ұйымдар азаматтық заңнамаға сәйкес жасалған шарттар негізінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне өндірілген электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

12. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде энергия өндіруші ұйымдар:

1) жүйелік оператормен бірлесіп, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде стандарттық жиілікті реттеуді және ұстап тұруды жүзеге асырады;

2) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы операторына электр энергиясының орталықсыздандырылған және орталықтандырылған нарығында жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, Қазақстанның электр энергиясының нарығына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты береді;

3) қуат резервтерін ұстауды, көлемін, құрылымын және жасалған шарттар негізінде жүйелік оператор айқындаған олардың орналасуын қамтамасыз етеді;

4) диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының, оның ішінде жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешенімен байланыс құралдарының болуын қамтамасыз етеді;

5) жүйелік операторға және өңірлік электр желілері компаниясына электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуге рұқсат береді.

2. Тұтынушылардың электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы

13. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының көтерме сауда нарығында азаматтық заңнамаға сәйкес жасалған шарттар негізінде электр энергиясын сатып алады.

14. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) электр энергиясын сатып алу-сату шартымен айқындалған электр тұтыну режимдерін сақтайды;

2) тұтынушының меншігінде тұрған электр және энергия құрылғылары мен коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйін растайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындайды;

3) коммерциялық аспаптардың өлшем деректерін белгіленген мерзімде береді;

4) жүйелік операторға және өңірлік электр желілері компаниясына электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуге рұқсат береді;

5) диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының, оның ішінде жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен және өңірлік электр желілік компаниямен біріздендірілген жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен және өңірлік электр желілік компаниялармен байланыс құралдарының болуын немесе басқа диспетчерлік орталықпен жедел-диспетчерлік өзара іс-қимыл жасау жөнінде өкілеттік беру туралы құжаттың болуын қамтамасыз етеді;

6) өкілетті диспетчерлік орталықпен қосылған телеметрикалық ақпаратты жинақтау және беру жүйесінің болуын қамтамасыз етеді;

7) электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша өзінің контрагенттеріне және жүйелік операторға электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының талаптарының өзгергені туралы уақтылы ескертеді;

8) шарттар талаптарын Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес орындайды;

9) электр энергиясын сатып алуға арналған шарттары жоқ электр энергетикасын тұтынушылары ұлттық және (немесе) өңірлік электр желілерден бас тартуға жатады.

3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы

15. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар азаматтық заңнамаға сәйкес жасалған шарттар негізінде тиісті шекті, есептік немесе жеке тарифтерді есепке ала отырып, өз тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

16. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электр желілік компанияға қызмет көрсететін тұтынушылардың электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуге рұқсат береді;

2) тиісті диспетчерлік орталықпен немесе өңірлік электр желілік компания пунктімен диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың болуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша өзінің контрагенттеріне, жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электр желілік ұйымдарын электр энергияны сатып алу-сату шарттарының талаптарын өзгерту туралы у а қ т ы л ы е с к е р т е д і ;

4) шарттар талаптарын Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес орындайды.

17. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатып алуға арналған шарттары болмаған кезде бөлшек сауда тұтынушылары кепілдендірілген электр энергия жеткізушісіне белгіленген тәртіппен беруге жатады.

4. Энергия беруші ұйымдардың электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы

18. Энергия беруші ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетеді, азаматтық заңнамаға сәйкес жасалған шарттар негізінде электр энергиясына және шаруашылық мұқтаждыққа жұмсалатын технологиялық шығыстарды өтеу үшін электр э н е р г и я с ы н с а т ы п а л а д ы .

19. Өңірлік электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілейтін тарифтер бойынша өңірлік электр желілері, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қосылған электр энергия т ұ т ы н у ш ы л а р ы н а к ө р с е т і л е д і .

20. Энергия беруші ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметтерін жүзеге асыру кезінде:

1) белгіленген электр энергиясының сенімділік нормаларына және сапа стандарттарына сәйкес өңірлік электр желілері бойынша электр энергиясын б е р у д і ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

2) өңірлік электр желілеріне қол жеткізу үшін тең шарттарды қамтамасыз етеді ;

3) өңірлік электр желісінің пайдалануға әзірлігін қолдауды және оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

4) өңірлік электр желілерінің тұрақты және сенімді жұмысын, жедел басқару (іске қосу) аймағына кіретін энергетика объектілерінде аварияның алдын алу, оқшаулау және жою бойынша шараларды уақтылы қабылдауды қамтамасыз етеді ;

5) жүйе операторымен бірге ұлттық стандарттарда және өзге де стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес берілетін электр энергиясының сапасын қамтамасыз етеді;

6) өңірлік электр желілері шекарасында келісілген есепке алу нүктелерінде электр энергиясын коммерциялық есепке алуды жүзеге асырады;

7) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіру/тұтыну режимдерін жедел диспетчерлік басқару үдерісінде жүйелік оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

8) ұлттық және өңірлік электр желісінің бөліну шекараларындағы коммерциялық есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясының меншікті теңгерімсіздіктерін жүйелік оператормен қаржылық реттеуді жүзеге асырады ;

9) меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан, электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық субъектілерінен электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алады және сапасын бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.**

5. Жүйелік оператордың және электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы операторының электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы

21. Жүйелік оператор Заңға, Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы қызмет көрсету нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуі қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысады .

22. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторы орталықтандырылған сауданы ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсетеді .

23. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторы:

1) сауда жүйесінің электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүргізуге тұрақты әзірлігін



қамтамасыз етеді және ұстайды;

2) көтерме сауда нарығы субъектілерінің коммерциялық тәуекелдерін барынша төмендету мақсатында электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығында кепілдіктер мен есеп айырысудың орталықтандырылған жүйесін ұйымдастырады;

3) электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушыларды сауда жүйесімен жұмыс істеуге оқытады;

4) орталықтандырылған сауда-саттықтарда жасалған мәмілелердің орындалу мониторингін жүзеге асырады;

5) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін орталықтандырылған сауда-саттықтарда қалыптасқан электр энергиясына арналған индикативтік бағалар жөніндегі ақпаратпен және басқа да нарықтық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

6. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының жұмыс істеуі

24. Электр энергиясының орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығында көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын өз еркімен жасайды. Электр энергиясын жеткізудің көлемдері мен мерзімдері шарт талаптарымен айқындалады.

25. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттар мен мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүргізетін орталықтандырылған сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалады.

26. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің орталықтандырылған сауда-саттықтарға қатысуы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ерікті негізде және электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторымен жасалатын қатысу шартының негізінде жүзеге асырылады.

27. Электр энергиясының орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығында және электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сату шарттары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалады, сондай-ақ мынадай талаптарды көздейді:

1) тараптармен келісілген электр энергиясын жеткізу режимінің сағаттық тәуліктік (маусымдық) өзгеру кестесі;

2) электр энергиясын тұтынушылар мен энергия өндіруші ұйымдарды электр энергиясының шарттық көлемдерін торапқа босату мен тораптан қабылдауды табиғи және коммерциялық есепке алу нүктелерін көрсету;

3) авариялық бұзушылықтар туындаған жағдайда электр энергиясын жеткізу талаптары (резервтеу тәртібі);

4) электр энергиясына сатып алушы уақтылы ақы төлемеген жағдайда электр энергиясының босатылуын шектеу және (немесе) тоқтату тәртібі.

28. Электр энергиясын шектес мемлекеттерге жеткізуді/сатып алуды, шектес мемлекеттердің электр желілері бойынша электр энергиясын беруді немесе транзиттеуді көздейтін электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жүйелік оператормен техникалық іске асыру бөлігінде келісуге жатады.

29. Электр энергиясының экспортына және (немесе) импортына арналған мәмілелер бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында туындайтын қатынастар тиісті шарттарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекетаралық келісімдерде көзделген тәртіппен реттеледі.

30. Электр энергиясының экспорты мен импорты, егер қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын, ратификацияланған халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, кеден заңнамасының талаптарын орындау шартымен жүзеге асырылады.

31. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жасалған шарттар негізінде жүйелік операторға алдағы тәулікке электр энергиясын жеткізу-тұтыну өтінімдерін жібереді.

32. Жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің өтінімі негізінде тәулік кестені қалыптастырады және бекітеді.

33. Электр энергиясын жеткізу-тұтыну жүйелік оператор бекіткен, келісілген түзетулерді ескере отырып, тәулік кестесінде көрсетілген электр энергиясын жеткізудің-тұтынудың мәлімделген көлемдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

34. Электр энергиясының теңгерімді нарығы Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы және қуат теңгерімін ұстау үшін жүйелік оператордың құралы болып табылады.

35. Жүйелік оператор шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының шарттық мәндерін қамтамасыз етеді және электр энергиясының мемлекетаралық теңгерімсіздіктерін реттейді. Мемлекетаралық теңгерімсіздіктерді реттеуді жүйелік оператор тиісті шарттарда, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекетаралық келісімдерде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

36. Жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы электр энергиясын және қуатты беру, бөлу, диспетчерлеу, реттеу және резервтеу жөніндегі қызметтерді қамтиды, электр энергиясын өндіру, беру, тұтыну ерекшеліктерімен негізделген және белгіленген тәртіпке сәйкес жұмыс істейді. Жүйелік және қосалқы қызметтерді тиісті қызметтерді көрсетуге жасалған шарттар негізінде электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері көрсетеді және алады.

37. Электр энергиясының көтерме сауда нарығына нақты жеткізілгені және тұтынылғаны үшін өзара есеп айырысулар Қазақстан Республикасының көтерме

сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімінде көрсетілген, есептік күнтізбелік айдың нәтижесі бойынша жүйелік оператор жасаған электр энергиясы көлемінің мәндеріне сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК